

# **1-тақырып.**

**Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері.**

## ● Жоспар:

1. Экономика ғылымының пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері
2. Экономикалық теория пәні, әдісі мен зерттеу мақсаттары
3. Экономикалық категориялар мен заңдары

Алғашқы рет «экономия» термині (грекше oikos - үй, үй шаруашылығы және nomos - заң) біздің дәуірімізге дейінгі III-ші ғасырда ертедегі грек ойшылдары Ксенофонт, Платон, Аристотельдің еңбектерінде пайда болды. «Экономия» атауын алғашқы рет Ксенофонт ұсынды. Бұл атау өткеннің ұлы ойшылы Аристотельде де әділеттілік туралы ілім шеңберінде кездеседі. Аристотель шаруашылық іс-әрекеттің екі түрін ажыратады: экономия - қамсыздандыруға арналған шаруашылық және хрестоматика - байығу мақсатындағы шаруашылық. Ол әділетті деп, табиғи шаруашылыққа негізделген экономияны санаған. Өйткені ол антикалық қоғамның негізін құраған.

- Алайда экономика жеке ғылым ретінде, жаңа буржуазиялық топтың оқуы түрінде ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда қалыптасты. 1615 жылы француз экономисі А.Монкретьен «Саяси экономия трактаты» атты еңбегінде осы жаңа ғылымға бірінші рет атау берді. Атау үш грек сөзінен құрастырылды: «политейя» - қоғам, «ойкос» - үй, «номос» - заң. «Саяси экономия» шаруашылықтың мемлекеттік және жалпы ұлттық деңгейдегі даму заңдылықтары жайлы ғылым ретінде пайда болды.

- Саяси экономияның алғашқы теориялық мектебі *меркантилизм* (итальян тілінен аударғанда «мерканте» - көпес, саудагер) болды. Бұл бағыттың өкілдері Т.Ман, Ж.Б.Кольбер қоғам байлығы тек саудада ғана пайда болады деп санады. Олар өз ғылымының басты пәнін тауар және ақша айналысындағы процесстерден көрді. Бұл тұжырымдар кездейсоқ болған жоқ. Олар капиталдың алғашқы жиналымына, яғни халықаралық саудаға сәйкес келді. Мұнда тауарлар бір елде төмен бағаға сатып алынып, басқа елде қымбат бағаға сатылды. Сондықтан, меркантилистер мемлекетке сауданы көбейтіп, елдегі алтын қорын толтыруға кеңес берді.

- Кейін Францияда *физиократтардың ілімі* («физиократия» грек тілінен аударғанда - табиғат билігі) пайда болады. Оның негізін салушылар - Ф. Кенэ және А.Тюрго. Олар сауда барысында ешқандай байлық пайда болмайтынын, тек қана ақшаның тауарға және керісінше, тауардың ақшаға айырбасы жүзеге асатынын әділетті көрсете отырып, байлықтың пайда болу мәселесін айналыс сферасынан өндіріс сферасына өткізеді. Алайда, физиократтар байлық өндірісінің сферасы деп өсімі табиғи жолмен жүзеге асып, табиғат сыйы болып табылатын ауыл шаруашылығын санаған.

- Сол уақытта Англияда жаңа мектеп — классикалық саяси экономия пайда болды. Оның көрнекті өкілдері XVII ғ. - Уильям Петти, XVIII ғ. - Адам Смит, XIX ғ. - Давид Рикардо ұлттық байлық материалдық өндірістің барлық саласында жасалынатынын дәлелдеді. Олар байлықтың негізгі түрі - тауардың құны деп тұжырымдады. А.Смит құн теориясының негізін қалады, еңбек өнімділігінің роліне көп назар аударып, табыстар туралы ілімді жарыққа шығарды.

- Экономикалық теорияның дамуындағы келесі маңызды саты - утопиялық социализм және марксизм. Утопиялық социализм - бұл қоғамның социалистік негізде түбегейлі өзгерістері мен әділетті құрылымы туралы ғылым. Бұл бағыттың басты өкілдері - Т.Мор, К.А. Сен-Симон, Р. Оуэн.
- XIX ғ-да. К. Маркс пен Фридрих Энгельс *Марксизм* неміс философиясына, ағылшын саяси экономиясына және француз утопиялық социализміне сүйене отырып, еңбек құны теориясын ілгері дамытып, қосымша құн туралы ілімді және коммунистік қоғамның негізгі принциптері туралы концепцияны құрды. бұл концепцияда Д. Риккардо және У. Петти жұмыстары жалғас алған.

- XIX ғ-ң екінші жартысында «маржинализм» бағыты пайда болады, бұл қоғамдық қатынастарға тартылған жеке субъектіні экономикалық талдау. А.Маршалл сұраныс теориясының негізіне К.Менгер, Е.Бем-Баверк, У.Джевонс, Л. Вальрас шығармаларында қалыптастырылған шекті пайдалылық туралы ілім, яғни маржинализмді қояды
- XIX ғасырдың екінші жартысында экономикалық теория дамуының жаңа бағыты пайда болады. «Саяси экономия» түсінігі «экономикс» түсінігімен ығыстырылды.

Жаңа атаудың тууы неоклассикалық бағыттың негізін салушылардың бірі — ағылшын экономисі Альфред Маршаллдың есімімен байланысты. 1980 жылы А.Маршаллдың «Экономика ғылымының принциптері» атты еңбегі жарыққа шықты, оның бұл еңбегі қазіргі уақытта да өте маңызды. Мұнда талдаудың басты пәні құн теориясы емес, бағалар теориясы болып табылады, баға белгілеу механизмі сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы ретінде қарастырылады.

1936 жылы әйгілі экономист Джон Мейнард Кейнс жаңа экономикалық бағыт- кейнсиандықтың негізін салады.

Кейнстің көзқарасы бойынша, нарық «тиімді сұранысты» қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да, оны ақша-несие және бюджеттік саясаты бар мемлекет қамтамасыз етуі қажет.

*Монетаризм* - бұл ақша және оның ұдайы өндіріс процесіндегі рөлі жайлы ғылым. Бұл несие-ақша құралдары көмегімен экономиканы реттеуді айрықша пайымдайтын тұтастай теория. Концепцияның негізгі бағыттары М.Фридменнің «Оңтайлы экономика очерктері» (1953), «Капитализм және еркіндік» (1962) және «Таңдау еркіндігі» (1979) атты еңбектерінде қалыптастырылды.

М. Фридмен ақша саясаты ақшаға сұраныс пен оған деген ұсыныстың арасындағы сәйкестілікке қол жеткізуге бағытталуы тиіс деген пікірге негізделді. Ақшаға сұраныс үнемі өсу тенденциясына ие болады (бұл ақша жинақтауға ынталылықпен анықталады) және ақшаға сұраныс пен оған деген ұсыныстың арасындағы сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін айналыстағы ақшаның біртіндеп ұлғаюына бағыт ұстау керек. Мемлекеттік реттеу ақша айналысын бақылаумен шектелуі қажет.

Нарықтық экономикадағы ішкі қайшылықтардың күйзеліске ұшырауы *институционалды-әлеуметтік* бағыттың пайда болуына ықпал етті. ХІХ ғасырдың аяғында Америкада пайда болған классикалық институционализм ХХ ғасырдың 20-шы, 30-шы жылдарында дербес ағым ретінде түбегейлі қалыптасты. Оның негізін салушы ретінде Т. Вебленді санайды. Бұл ағымның өкілдері (Т.Веблен, У.Митчелл, Дж.Гелбейрт, Я.Тинберген) өз талдауларында корпорациялар, кәсіподақтар, мемлекет, сондай-ақ психологиялық, этикалық, құқықтық, техникалық және өзге де әлеуметтік құбылыстар ретінде түсіндірілетін «институттар» түсінігін кеңінен пайдаланады.

## 2. Экономикалық теория пәні, әдісі мен зерттеу мақсаттары

Экономикс пәнінің мазмұнын келесі

тұжырымдамалармен ашып көрсетуге болады:

Экономикстің пәні болып шаруашылық қатынастары, яғни шаруашылық қызметтерін ұйымдастыру барысындағы қатынастар саналады. Ал, бұлар адамдардың өздеріне байланысты болғандықтан, экономикс шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс-әрекеттерін, марапаттарын, ынталандырушы мотивтерін оқып зерттейді.

Экономикстің негізгі болжамды принциптері болып екі фактор саналады:

- а) адамдардың материалдық қажеттіліктері шексіз және қанағатсыз;
- ә) игіліктерді өндіруге қажетті экономикалық ресурстар сирек және шектеулі.

Экономикалық теорияның пәнін анықтау кезінде ағылшын экономисі Л. Робинсонның берген анықтамасы кең қолданылады: «Экономика- шектелген ресурстар жағдайында қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мақсаттар мен мүмкіндіктерді үйлестіру кезіндегі адам әрекетін зерттейтін ғылым».

Экономикалық теория екі бөлімнен тұрады: микро- және макроэкономика.

*Микроэкономика* жеке шаруашылық субъектілерінің қызметін зерттейді, олардың шешім қабылдау кезіндегі іс- әрекетін, тәртібін талдайды.

*Макроэкономика* экономиканы біртұтас шаруашылық жүйесі түрінде оқып зерттейді. Бірақ бұл бөлімдердің арасында кедергілер жоқ: экономикстің көпшілік тақырыптары осы екеуінің де шеңберіне кіреді.

Экономиканың күрделілігі экономикалық ғылымдардың көптүрлі болуымен байланысты. Барлық экономикалық ғылымдарды жалпы және жеке деп бөлуге болады. *Жалпы экономикалық ғылымдар* экономикалық процесстердің, заңдардың, категориялардың, принциптердің және шаруашылық қызметтерін жүргізу әдістерінің мәні мен мазмұнын ашып көрсетеді. *Жеке экономикалық ғылымдар* - салалық ерекшеліктер мен экономикалық басқару қызметтерінің мәні мен мазмұнын сипаттайды.

Экономикалық зерттеулерде ғылыми абстракцияның маңызы да өте зор, бұл әдіс бойынша байқауға алынатын құбылыстардың негізгілері бөліп көрсетіледі де, ал маңызы аз дегендеріне көңіл бөлінбейді. Ғылыми абстракцияның көмегімен тіршіліктегі істерден абстракты түрде ойлауға дейінгі қашықтықты өтеміз де, ал одан тәжірибеге келеміз. Абстрактілеуден нақтыға өту принципі *тарихи және* логикалық тану принципінің диалектикалық біртұтастығымен байланысты.

Экономикалық зерттеулерде талдау және синтез, индукция мен дедукция әдістері кең қолданылады.

*Талдау* - экономикалық құбылысты жеке элементтерге бөліп, әр элементті тұтас құбылыстың қажетті құрамдас бөлігі түрінде зерттейді. Экономикада функционалдық талдауға да үлкен мән беріледі. Бұл зерттеуді жүргізгенде экономикалық өзгерістер кезіндегі басты көрсеткіш анықталады, ал содан кейін оған әсер ететін факторлар іздестіріледі. Сөйтіп олардың арасындағы тәуелділікті функция көмегімен көрсетеді.

*Синтез* - экономикалық құбылыстардан жеке бөлініп, зерттелген элементтерін біртұтас жиынтық деп зерттеп, жалпы қорытынды шығарады.

*Индукция* - жекеден жалпыға, нақтыдан жалпыламаға қарай ой жүгірту тәсілі.

*Дедукция* - керісінше, жалпыдан жекеге, жалпы жағдайдан жекеге қарай ой жүгірту тәсілі.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, шекті шамаларды талдау, экономикалық-математикалық модельдеу, позитивті және нормативті әдістер де қолданылады.

*Позитивтік әдіс* нақты құбылыстарды «көп-аз», «жақсы-жаман» деп талдап, бағаламайды. Ол экономиканың ағымдағы жағдайын суреттеп, сипаттауға негізделген және «Не болды?» деген сұраққа жауап береді.

*Нормативтік әдіс* осы немесе басқа экономикалық құбылыстар қандай болу керек дегенді талдап баға беруді қажет етеді.

XIX ғасырда формальды логиканың математикалық логикаға айналу процесі жүрді және ол XX ғасырда кең таралған *жүйелі зерттеу* әдісінің алғышарты болып саналады. Осылайша экономикалық ғылымда математиканы пайдалану экономикалық-математикалық модельдердің кең тарауына негіз болды.

*Экономикалық модель* - экономикалық процестерді немесе құбылыстарды формальды түрде бейнелеу, ал осы бейнелеудің құрылымы оның объективті қасиеттерімен, сондай-ақ зерттеудің субъективті-мақсатты сипатымен анықталады. Модельдеу зерттелетін объектілердің басты экономикалық көрсеткіштері мен олардың арасындағы байланысты бейнелейді. Егер осы көрсеткіштер мен байланыстарға сандық мағына беретін болсақ мәтін түріндегі (вербалды) модельдің негізінде суреттеу (график, диаграмма, сызба т.с.с.), математикалық (функция, график, теңдеу т.с.с.) және компьютерлік модельдер құруға болады. Болжау, модельдеу қазіргі заманғы жағдайларда өте қажет.

Қазіргі заманғы экономикалық теорияда көптеген экономикалық модельдер график түрінде бейнеленеді. График - бұл екі немесе одан көп айнымалылардың арасындағы тәуелділікті бейнелеу. Графиктер айнымалылардың арасында қандай байланыс бар екендігін көрсетуде көп көмегін тигізеді.

Графиктердің негізгі екі түрі болады: эмпирикалық және теориялық. Эмпирикалық график нақты деректерді көрсетеді. Теориялық графиктер негізгі экономикалық принциптерді тұрғызу немесе анықтау мақсатында ойдан жасалатын (гипотетикалық) экономикалық жүйелердің қызметін баяндайды.

### *3. Экономикалық категориялар мен заңдары*

Экономикалық заңдар - қоғамның экономикалық өмірінің аса маңызды, тұрақты құбылыстары мен процесстерінің байланыстары. Олар ондіріс, бөлу, айырбас және тұтыну қатынастарының даму заңдары. Қоғамның даму заңдары - экономикалық заңдар мен табиғат заңдарының, ортақ белгілері және сонымен қатар айырмашылықтары болады.

Бұларға ортақ белгілер: экономикалық заңдар, табиғат заңдары сияқты, объективтік заңдар, яғни олар адамдардың еркін мен санасынан тәуелсіз жаратылып, әрекет етеді.

Сонымен қатар олардың айырмашылықтары да бар. Экономикалық заңдар адамдардың іс-әрекет, қызметін билейтін заңдар. Олар адамдардың еңбек, қызметтерінің процесінде туып, осы процесс арқылы жүзеге асырылады. Ал табиғат заңдары (мысалы, әлемдік тартылыс заңы) адамдар қоғамынан тыс жағдайда да әрекет етеді

Экономикалық категориялар (санаттар) - қоғам өмірінің нақты жағдайларын теориялық тұрғыдан сипаттайтын логикалық түсініктер. Бұған жататындар: сұраныс, ұсыныс, қаржы, несие, меншік, жалақы, нарық, пайда, тауар, ақша және т. б.